

УДК 340

М. М. Нарбинова,

*Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы
Мемлекеттік басқару академиясы
«Азаматтық-құқықтық пәндер»
кафедрасының доценті,
заң ғылымдарының кандидаты;*

Қ. Қ. Садықова,

*Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы
Мемлекеттік басқару академиясы
«Азаматтық-құқықтық пәндер»
кафедрасының аға ғылыми қызметкері,
заң ғылымдарының магистрі*

ҚҰҚЫҚТЫҚ САЯСАТ ЗАҢДЫҚ ҰҒЫМ РЕТІНДЕ

Аннотация

В статье дается анализ правовой политики как юридической категории. Рассматриваются особенности реализации правовой политики в условиях развития и укрепления казахстанской государственности.

Ключевые слова: правовая политика, правовое государство, правотворчество, правоприменение, конституционная реформа.

Аңдатпа

Мақалада құқықтық саясатқа заңдық ұғым ретінде талдау жасалады. Қазақстандық мемлекеттілікті дамыту мен нығайту жағдайларындағы құқықтық саясатты жүзеге асыру ерекшеліктері қарастырылады.

Тірек сөздер: құқықтық саясат, құқықтық мемлекет, құқық шығармашылық, құқық қолдану, конституциялық реформа.

Abstract

In article the analysis of legal policy as legal category reveals. Features of realization of legal policy in the conditions of development and strengthening of the Kazakhstan statehood are considered.

Keywords: legal policy, constitutional state, law-making, right application, constitutional reform.

Қазақстанда жүргізіліп жатқан күрделі қайта құрулар жағдайында мемлекеттік саясаттың аса маңызды түрі ретіндегі, өзінің дербес құрылымы мен қоғам өмірінде айрықша орны бар құқықтық саясат институты ерекше орынға ие екендігі мәлім.

Құқықтық саясаттың мемлекеттік саясат жүйесінде, мемлекеттік-құқықтық реформалау үрдістері саласында маңызы өте зор. Қазақстанда әлеуметтік және құқықтық мемлекетті қалыптастырудың белсенді үрдістерді жүргізу жағдайлары мемлекеттік-құқықтық қатынастарды реформалау үрдістерін ұйымдастыру қажеттіліктерін және біртұтас құқықтық саясатты қалыптастыруды талап етеді.

Құқықтық саясат ерекше саяси-құқықтық құбылыс, ол мемлекет пен қоғамдық бірлестіктердің қоғам дамуының стратегиясы мен амалдарын анықтауға, құқықтық реттеу механизмдерін жетілдіруге, адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуге, құқықтық мемлекет негіздерін қалыптастыруға бағытталған жүйелі, ғылыми негізделген қызметінің салдарында қалыптастырылады.

Құқықтық саясаттың мазмұнын, табиғатын және мәнін неғұрлым толыққанды ашу үшін «саясат» және «құқық» ұғымдарын біртұтастықта, олардың құндылық-мәндік сипаттамаларын өзара бірлестікте қарастыру қажет, соның нәтижесінде саясат ерекше тың мәртебеге ие болады, яғни ол құқықтық сипатты иеленеді.

Құқық мемлекеттің көпшілік құқығын жүзеге асырудың әдісі, құралы және саласы рөлін атқарады. Билік мен заңның арақатынасы елдегі құқықтық жағдайға толықтай негіз болады. Ол қоғамның тек қана құқықтық емес, жалпы әлеуметтік-өнегелік ортасын қалыптастырады.

Жалпылай алғанда құқықтық саясатты құқықтың мемлекетішілік және халықаралық дамуы саласындағы мемлекеттік саясат, қоғамның, мемлекеттің, елдің дамуының құқықтық жолының стратегиясы мен амалы, құқықтың қоғам және мемлекет өміріндегі үстемдігі бастаулары мен талаптарын жүзеге асыру мен дамытудың идеялары, қағидалары, нормалары мен нысандары және нысандары мен мойындау рәсімдері жүйесі деп анықтауға болады.

Жоғарыда көрсетілген құқықтық саясаттың сипаттамалары мен анықтамалары әлеуметтік-тарихи ақиқат жағдайлары ескеріле отырып, оның нақты мазмұнымен және мәнімен, қандай

да бір қоғам мен мемлекеттің құқықтық даму мүмкіндіктерімен, тәжірибесі, дәстүрі мен ерекшеліктерімен, оның құқықтық даму дәрежесімен, құқықтық мәдениет деңгейімен және өзге де факторлармен толықтырылады.

Құқықтық саясат мемлекеттік саясат көрінісінің ерекше нысаны, заңдық ресімделуінің, елдің саяси курсын бекіту мен жүзеге асырудың, оның ресми көшбасшылары мен билік құрылымдарының еркін білдіру құралы болып табылады. Негізделген, консолидацияланған құқықтық саясат ең алдымен мемлекеттің Конституциясында, конституциялық заңдарында, заңдары мен кодекстерінде, өзге де негізгі нормативтік-құқықтық актілерінде көрініс табады, әлеуметтік құрылымды сақтау мен қорғауға, қоғамдық қатынастарды дамыту мен жетілдіруге бағытталған.

Құқықтық саясатқа оның мемлекеттік-еріктік қасиеттері, биліктік-императивтік мазмұны тән. Құқықтық саясат тек құқыққа ғана негізделген және тек құқықпен ғана байланысты, ол тек құқықтық әдістермен жүзеге асырылады; оның қалыптасуының бірнеше субъектілері бар; мәжбүрлеуге сүйенеді, көпшілік және ресми сипатта; нормативтік-ұйымдастырушылық бастаулармен ерекшеленеді; мемлекет пен қоғамның саяси және құқықтық жүйелерін оптимизациялау бойынша жалпы мемлекеттік саясатты қалыптастыруға қатысады.

Құқықтық саясаттың қатып қалған нақты шектері жоқ. Салыстырмалы тұрақтылық жағдайында бұл саясат өзгерістерге ұшырап отырады, оның жаңа бағыттары пайда болуы немесе құндылықтар қайта бағалануы, ұстанымдары өзгеруі мүмкін.

Сондықтан құқықтық саясатты мемлекет, индивидтер мен олардың бірлестіктерінің стратегиялық сипаттағы құқықтық идеяларды өңдеуі мен жүзеге асыруынан тұратын, құқықтық реттеу саласындағы қызметін анықтай аламыз.

Құқықтық саясатты тиімді түрде жүзеге асырудың маңызды шарты мұндай саясаттың мақсаттары мен оларға қол жеткізу құралдарын дұрыс айқындау болып табылады. Құқықтық саясат өзіне мақсат етіп құқықтың дамуына үлес қосуды, құқықтық реттеу пәні мен деңгейін ғылыми негізделген түрде анықтауды, заңнамадағы ақаулықтардың орнын толтыру үшін қажетті жағдайларды қалыптастыруды, құқық жүйесінің жүйелілігін, біртұтастығы мен қарама-қайшылықсыз болуын қояды.

Егер осы тұрғыдан қарастыратын болсақ құқықтық саясат, ең алдымен, қоғамды саяси-құқықтық жағынан дамытуға, құқықтың саясатқа құқықтық деген мәртебе беру үшін саясатқа енуі ретіндегі саяси-құқықтық басқару механизмін жасап шығаруға бағытталған мемлекет қызметінің концептуалды заңдық негізі ретінде орын алады. Саясаттың өзі бұған кедергі жасамауымен шектеліп қоймай, тиімді жағдайлар жасап, тиісті саяси ерікті көрсетуі басты мәселе болып табылады.

Бұдан басқа, әлеуметтік тәжірибенің бір түрі ретінде, құқықтық шынайылықтың өзгеше құбылысы, мемлекеттің стратегиялық мақсаттары мен тактикалық тапсырмаларына кепілдендірілген қол жеткізу ретінде саясаттың нақты салалары мен түрлері бойынша қолданылуы арқылы жүзеге асырылатын саяси-құқықтық шаралар кешені.

Сонымен қатар құқықтың өріс аясынан шығуға жол бермейтін саясатқа тиісті ықпал ету.

Құқықтық саясаттың негізі ретінде сипаттауға мүмкіндік тудыратын маңызды қырлары қатарына осы объект туралы білімді дамыту, бір жағынан саяси-құқықтық әрекетті қамтамасыз ету негізі ретінде қарастырылатын осы үрдісті арнайы тәсілдер ықпалымен жүзеге асырса, екінші жағынан, білімді құқықты оңтайландыру құралы ретінде қарастырылатын ұстаным ықпал етеді. Бұл құқықтық саясат теориясы мен тәжірибесі мәселелерін тиімді пайдалануда аса үлкен маңызға ие, себебі, билікке ықпал етудің жаңа жолдарын іздеумен байланысты.

Саясатты құқықтық саясаттың теориялық негізі ретінде сипаттай отырып, құқықтық саясат зерттеудің күрделі объектісі болып табылады деген байламға келуге болады. Атап айтқанда, оның субъектілері өте көп, көптеген қарама-қайшы бағдарлары бар, адам қалауы мен ықпалының рөлі үлкен. Сондықтан, танымдық ақпаратты бағалауда маңыздылығы зор жағдайларды бөліп көрсету қажет, олардың құндылығын, саяси пайдалылығын анықтау және шындықты білу, яғни білімдер мен әрекеттер тәжірибемен расталатындығын білу қажет.

Құқықтық саясат теориясы мен әдістемесінің маңызды аспектісі оны ұғынудың шектері, межелері мен мүмкіндіктерін қарастыру маңызды болып табылады. Сонымен қатар «ұғыну» термині екі мағынаға немесе түрлерге ие. Біріншіден, ол зерттеушілердің назарын заңдылықтарды іздеуге бағыттайтын әдістерге, статикалық ақпараттарға және т.б. аударатын тәсілдерден ерекшеленетін гнесеологиялық рәсімдер. Бұл жағдайда, құқықтық саясат оның ұстанатын құндылықтарын, маңызын мен мазмұнын қарастыру тұрғысынан зерттеледі.

Екіншіден, құқықтық саясат субъектілерінің өздері әрекет ететін шынайылық саласын ұғынудың онтологиялық үрдісі.

Жоғарыда көрсетілген құқықтық саясатты ұғыну түрлеріне ортақ белгі – оның мәні және құрылымы болып табылады; ол зерттеу және интерпретация объектісінің белгілерін анықтау және оны осы саясат субъектілерінің ішкі әлемімен теңестіру де қамтылған. Бұл ортақтық идеялар мен әрекеттердің ішкі байланыстарының болуымен, құқықтық саясатты ұғынудағы тілдің маңыздылығымен байланысты. Қандай жағдайда да ұғыну түсіндірумен байланысты, алайда олардың бірін-бірі толықтыратындығы осы рәсімдердің түрлі мәндерімен анықталады. Түсіндіру өткенге бағытталған, қандай да бір құбылыстың себебін табуға бағытталған. Ұғыну болса келешекке бағытталған, ол танушы субъектінің басты бағдары болып табылады.

Осылайша, саясат шынайылық секілді өзінің күрделілігімен және қарама-қайшылығымен құқықтық шынайылықтың құқықтық саясат секілді құбылысының теориялық әдістемелік жағынан негіздеуде аса маңызды рөл атқарады. Ол құқықтық саясаттың қалыптасуының тамырлық негізі болып табылады, өз кезегінде саясат квинтэссенциясының өнімі болып табылады. Зерттеліп отырған феноменнің теориялық-әдістемелік жағынан негізделуіндегі маңызды мәселе – құқықтың құқықтық саясаттың мәндік негізі ретіндегі одан әрі дамуының аса маңызды тенденциялары мен заңдылықтарының талдауы болып табылады. Талдау растап отырғандай, құқықтың бірегей қасиеттерін осы қырынан ашу құқықтық саясаттың мәнін, оның мемлекеттік саясаттың басқа түрлері арасындағы орны мен рөлін түйсінуге мүмкіндік береді. Алайда бұл арада көп жағдай құқықтың қалайша түсіндірілетіндігіне байланысты.

Біздің пайымдауымызша, құқықтық саясат теориясын құру үшін, оның жалпы теориялық аспектілерін ғылыми түрде дәйектеу үшін құқық танымы туралы теория бойынша шынайы ғылыми теорияға сүйену қажет, ол өз кезегінде объективті-ақиқат білімдер жүйесін құрауы тиіс және де ұғымдар, санаттар, ғылыми заңдылықтар, қағидалар және басқа теориялық білімдер нысанындағы құқықтың қалыптасу және әрекет етудің жалпы заңдылықтарын көрсетуі тиіс. Құқықтың мәндік сипаттарын білу құқықтық саясаттың теориялық әдістемелік негіздерін дәйектеуде маңызды рөл атқаратынын айта кеткен жөн. Алайда, қазіргі таңда құқықтық танымға қатысты алуан түрлі (қарама-қайшы) теориялар мен әдістемелердің болуы, өкінішке орай, ғылыми дәйектелген құқықтық саясаттың қалыптасуын тежеп тұр. Зерттеушілерге абстрактылы түрде қабылданатын еркіндік пен теңдік туралы теориялар бойынша бағдар табу қиын, себебі олардың бастапқы негіздері туралы ешқандай түсініктері жоқ. Сонымен қатар бірқатар жағдайларда жан-жақты қарастырылмаған ұғымдардың «құқықтың негіз құраушы қағидаларына» айналу ұмтылыстарымен немесе олардың жинақтауымен (синтезімен) жоғарыдағы жағдай одан да күрделене түседі.

Құқықтық саясаттың қалыптасуының теориялық әдістемелік талдауын жасай отырып, тұрақты құрылымдар мен белгілі бір қоғамдық топтардың мүддесін білдіретін саяси институттарды құқықтық реттеу үшін мемлекеттік және құқықтық құбылыстардың тығыз да үзілмес байланысы қолайлы мүмкіндіктер тудыратынын айта кеткен дұрыс. Бұл жағдайда, құқық әкімшілік, ұйымдастырушылық және басқа да шаралармен және құралдармен бірге нақты нәтижелерге жету және басқару аспабы ретінде қолданылады. Сонымен қатар, егер саясатты жүзеге асыруда қоғамға ықпал етудің репрессивті, жазалау тұтқаларын қолдану талпыныстары жасалса, ал құқықтық саясат ретінде танылған құқық ондай шараларды қолдануға қарсылық танытуы қажет. Олай болмаған жағдайда, міндетті және саналылық туралы жалпы ойларға қарама-қайшы келеді немесе қоғамдық қатынастардың бұл тұстарын қарастырмайды. Қандай саяси режим жағдайында құқықтық саясаттың қалыптасып, жүзеге асырылатыны есепке алу аса маңызды. Сонымен, тарату үрдістері авторитарлық режим жағдайында да нормативтік қабыршаққа енуі мүмкін, алайда, ғылыми дәйектелген құқықтық саясат әрекет ететін құқықтық мемлекетте бұл үрдістер басқа ережелер бойынша мемлекеттік органдардың дәрежі түрде араласуынсыз, заңдылық пен әділеттілік қағидаларын ұстана отырып, жүзеге асырулары мүмкін. Басқа сөзбен айтқанда, егер құқық саясат құралы ретінде қарастырылса және сол кезде саяси билікті қамтамасыз ету тәсілі ретінде оған саяси қысым көрсетілетін болса, онда мұндай саяси режимде «құқықтық саясат» термині қолданыла алмайды және әріне өз мәнін жоғалтады. Сондай-ақ, демократиялық режим жағдайында, құқық саясат құралы ретінде ғана қарастырылмайды, сонымен қатар саясаттың өзіне ықпал ету құралы болып табылады, ал мемлекет болса, абсолютті құқықшығарушы рөліне таласпайды. Тек демократиялық режим жағдайында құқық пен мемлекеттің кейбір қарсы тұрулары, қарсы күресулері ғана ықтимал болады. Өзіміз көріп отырғандай, құқықтық саясат қалыптасып, қолданылып отырған жағдайдың маңызы зор.

Мемлекет қызметі тек қана заңға негізделетінін айта кету керек. Қалыпты жағдайда, мемлекеттің бір қолымен заңнама аясында құқықты бекітіп, екінші қолымен оны бұзу жағдайына жол берілмейді. Өкінішке орай, қазақстандық тәжірибе көрсетіп отырғандай, саясаттағы субъективизм үлесі әлі де үлкен болып тұр. Сондықтан, Қазақстан Республикасының құқықтық саясаты қоғамның екі бағдар күресінен зардап шекпеуі үшін бұқаралық билік шекарасын шектеуге ұмтылуы қажет, ол бағдарлар: біріншіден, қоғам мүддесі билікті саналы түрде шектеу қажеттігін білдіргенде; екіншіден, билік өкілеттіліктерін күшейтуге, тіпті авторитарлық үстемдікке деген қатты ұмтылыс болған жағдайда. Алайда, аталған қай бағдардың басым болуына қатыссыз, барлық жағдайларда құқықтық саясаттың антиподы ретінде құқыққа сүйенбейтін және қоғамда қолданылатын құқықтық нормаларға қайшы келетін құқыққа қарсы саясатты санауға болады.

Алайда, қазақстандық қоғам тарихында тәуелсіздікті алғанға дейінгі кезеңде құқықтың рөлі үнемі прогрессивті болмағандығы туралы мысалдар мен құқықтық құралдардың аз ұлттың, халықтың мүдделеріне нұқсан келтірген жағдайлар көптеп кездеседі. Сондықтан, құқықтың қандай әлеуметтік реттеуіштің мүддесін қорғайтынына және онымен қалай өзара әрекетке түсетініне және оны қалай жүзеге асырылатынына байланысты ол бейтараптық, прогрессивті немесе реакциялық рөл атқаруы мүмкін. Бұл арада кейбір жағдайларда қарапайым құқық нормаларының қоғамға тым артық консервативтік сипат беретіндігі, ал басқа жағдайларда – нәтижесінде әлеуметтік қобалжулар немесе дауласуларды туындатуы мүмкін және қоғамда бәрі бірдей қабылдай бермейтін жаңа заңдар биіктіктеріне дейін қоғамды «көтеру» талпыныстарды жасайтындығы туралы сөз болып отыр.

Құқықтық фактордың мемлекетке тигізетін ықпалы құқықтық саясатты мемлекеттік стратегияның дербес және маңызды бағыты ретінде қалыптастырудан көрініс табады. Құқықтық саясат мемлекеттік саясаттың ерекше нысаны, оны заңдастырудың, сонымен қатар елдің, мемлекеттің ресми көшбасшылары мен биліктік құрылымдарының еркін саяси бағытын бекітудің, жүзеге асырудың әдісі болып табылады.

Қазақстан Республикасы Президенті «Қазақстан – 2050: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Стратегиясында құқықтық саясат мәселесіне баса назар аудара отырып, бұл бағытты жандандыру арқылы мемлекеттіліктің нығаюы мен қазақстандық демократияның дамуына қол жеткізуге болатындығын анықтады. Құқықтық саясаттың маңызды мәселесі ретінде азаматтардың құқықтарын Конституциямен кепілдендірілген соттық қорғауды жүзеге асыруды бекітіп, сот төрелігін жүзеге асыру үрдісін жеңілдету қажеттілігін атау арқылы игі бастама көтерді [1].

Еліміздің Негізгі заңының 1-бабы 1-тармағына сай Қазақстан Республикасы өзін ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары болып табылатын демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтыра отырып, өзінің құқықтық мәртебесіне сәйкес ел ішінде және одан тыс жерлерде саясатын жүргізуі тиіс.

Құқықтық мемлекетті құру идеясы мемлекеттің саясатына қойылатын талаптардың бірін Конституцияның 4-бабында Қазақстан Республикасында қолданылатын құқық Конституцияның, соған сәйкес заңдардың, өзге де нормативтік құқықтық актілердің, халықаралық шарттары мен Республиканың басқа да міндеттемелерінің, сондай-ақ Республика Конституциялық Кеңесінің және Жоғарғы Соты нормативтік қаулыларының нормалары болып табылады деп бекітілген заң үстемдігі қағидасын қалыптастырады [2].

Конституцияның ең жоғары заңды күші бар және Республиканың бүкіл аумағында ол тікелей қолданылады. Ең қымбат қазынасы ретінде адамды және адамның өмірін, құқықтары мен бостандықтарын орнықтыра отырып, Қазақстанның құқықтық саясаты жалпы мемлекеттік мақсаттық ұстаным ретінде құқықтық азаматтық қоғамның қалыпты қызмет етуіне қажетті азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуді, әрекет етуші заңнама аясында азамат пен мемлекет арасындағы өзара жауапкершілікті анықтайды [3].

Еліміздің құқықтық кеңістігі (нормативтік құқықтық актілерді қабылдау, қолдану, жүзеге асыру, құқықтарды қорғау және т.б.) адам құқықтары мен бостандықтарын қорғайтын халықаралық стандарттарға сәйкес келуге бағытталған. Осылайша, Қазақстан Республикасы Конституциясының ережелеріне сай құқықтық саясатты, бірінші кезекте, мәні құқықтық мемлекет қызметінің нысандарын, міндеттерін, мақсаттары мен мазмұнын анықтау болып табылатын әлеуметтік топтар арасындағы қатынастармен байланысты қызмет саласы ретінде анықтауға болады.

Құқықтық саясат дамудың қоғамдық және құқықтық заңдылықтарын біріктіреді. Қазақстандық құқықтық жүйе негізгі қайнар көзі Заң (нормативтік құқықтық актілер) болып табылатын романо-германдық құқықтық жүйеге жатқызылатындығын ескере отырып, құқықтық кеңістік қоғам өмірінің барлық салаларын қамтиды. Мемлекеттің құқықтық саясатынсыз қоғам өміріндегі түрлі салалардағы санқырлы міндеттер мен қызметтерді жүзеге асыру мүмкін емес, себебі құқықтық саясат экономикалық, сыртқы экономикалық, бюджеттік, салықтық, кедендік, валюталық және өзге де қатынастардың құқықтық саласын реттеуге бағытталған. Сол себептен құқықтық саясат Қазақстанның мемлекеттік саясатының дербес бағыты болып табылатындығына қарамастан ол мемлекеттік саясаттың өзге де бағыттарымен (экономикалық, сыртқы экономикалық, бюджеттік, салықтық, кедендік, валюталық және т.б.) тығыз байланысты. Яғни, құқықтық саясат саясаттың экономикалық, сыртқы экономикалық, бюджеттік, қылмыстық және өзге де түрлерінің құрамдас бөлігі болып табылады, себебі олар құқық арқылы да жүзеге асырылуы мүмкін.

Құқықтық саясаттың құрылымы – бұл:

1) құқықтық мүдде (адамдарды нақты бір құқықтық мақсаттарды қоюға және оларға қол жеткізген соң нақты құқықтық әрекеттерді жүзеге асыруға жетелейтін құқықтық мінез-құлықтың ішкі қайнар көзі);

2) құқықтық саясат субъектілері (көпшілік билік институттарының қоғамдық үрдістерді басқару орталығы ретіндегі рөлін білдіреді);

3) құқық шығармашылық (құқық нормалары мемлекеттің құқықтық реттеу саласындағы қызметі стратегиясының дұрыстығын, соның ішінде, оның халықаралық қағидалар мен нормаларға, құқықтық мемлекетті қалыптастыру идеясы мен тәжірибесіне сәйкестігін анықтауға мүмкіндік береді);

4) құқық қолдану (құқықтық саясат субъектілерінің құқықтық нормаларды жүзеге асыру белсенділігінің бір түрі болып табылады. Құқық қолдану мемлекетте қандай құқықтық саясат жүргізілетіндігіне, оның қандай құндылықтарға бағытталатындығына тәуелді. Құқық қолдану тәжірибесінің кемшіліктері оны шынайы өмірде қолдануда көрініс табады);

5) құқықтық сана (адамдардың биліктік маңызды мүдделеріне қатысты саналы қарым-қатынастарына құқықтық өмірдің тәуелділігін сипаттайды. Құқықтық сананың қалыптасуы, бірінші кезекте, мақсаты тұрғындар мен мемлекеттік аппараттың арасында құқық пен құқықтық тыйымдарды түсінуді өзгерту болып табылатын құқықтық тәрбиеден туындайды).

6) қоғамдық-құқықтық қатынастар (қоғамдық топтардың өздерінің арасындағы және олардың билік институттарымен арасындағы қарым-қатынастардың тұрақты сипаты).

Мемлекеттің құқықтық саясаты қоғамның саяси жүйесіне кіретін барлық субъектілерінің ара-қатынасы негізінде дайындалып, жүзеге асырылады да, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде, халықаралық актілерде, бағдарламалар мен тұжырымдамаларда көрініс табады. Құқықтық саясаттың санқырлылығы оның субъектілерінің және олармен қалыптастырылатын қоғамдық қатынастардың әр түрлілігімен сипатталады. Мемлекеттік билік органдары қандай да бір қоғамдық қатынастарды реттей отырып, қоғамдық жағдайды, мемлекет пен тұлғаның әлеуметтік қажеттіліктерін топтастырады, даму заңдылықтарын анықтап, олардың негізінде өздерінің құқықтық саясатын қалыптастырады. Құқықтық саясат қоғамның объективті заңдылықтарын заңды рәсімдеу нысаны ғана емес, басқарушы элита ұсыныстарының көрініс табу әдістеріне айналуға [4].

Құқықтық саясаттың негізгі субъектісі ретіндегі мемлекеттің қызметі құқықтық нысанға ие және құқықтық қызмет жолымен жүзеге асырылады.

Құқық шығармашылық, құқықты жүзеге асыру, азаматтарды құқықтық тәрбиелеудің нәтижелері мемлекетпен өз қызметтерін жүзеге асыру үрдісінің тиімділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін құқықтық саясатты құрайтын элементтер ретінде өзара байланыста ғана қарастырылады. Мемлекет қызметінің маңызы мемлекеттің құқықтық саясатының мән-мазмұнымен тығыз байланысты.

Құқықтық саясат нысандары: құқық шығармашылық – нормативтік актілер мен шарттарды қабылдау, өзгерістер енгізу мен күшін жою арқылы; құқық қолдану – құқық қолдану актілері, жеке сипаттағы құжаттар арқылы; құқық интерпретациясы – құқық нормаларына түсіндірме беру актілері арқылы; доктриналды – құқық актілерінің жобалары, заңдық жағдайлар дамуын ғылыми болжау арқылы; құқықтық оқыту – жаңа саяси-құқықтық жағдайда сапалы қызмет атқаруға дайын жаңа буын заңгерлерін дайындау арқылы іске асырылады.

Жүзеге асыру саласына байланысты құқықтық саясат конституциялық, қылмыстық, отбасылық-некелік, қаржылық, салықтық, кедендік, банктік және т.б.; мазмұнына байланысты – заң шығарушы, атқарушы, соттық, прокурорлық, нотариалдық және т.б.; мақсаттарына байланысты – ағымдық және жоспарлы; атқаратын қызметіне байланысты – құқықтық реттеуші және құқық қорғаушы болуы мүмкін [5].

Мемлекеттің құқықтық саясаты барлық заңнаманы жетілдіру бойынша стратегиялық құқықтық ойларды қалыптастыру мен жүзеге асыруға негізделген. Сондықтан құқықтық саясат Қазақстан Республикасының стратегиялық, бағдарламалық-құқықтық құжаттарында (Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған Құқықтық саясат тұжырымдамасы, бағдарламалар) және нормативтік құқықтық актілерінде, қабылданған және мемлекетпен ратификацияланған халықаралық шарттар мен міндеттемелерде көрініс табады.

Бұған дейін әрекет еткен 2002 жылғы Құқықтық саясат тұжырымдамасы қабылданғаннан кейін заңнаманы жетілдіру бойынша қыруар еңбек атқарылды.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы Қазақстан халқына Жолдауына сәйкес 2011 жылға дейін жоспарланған конституциялық реформаның екі кезеңінің бірі жүзеге асырылған 2007 жылғы конституциялық реформа жүргізілді [6].

Кейіннен Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы Жарлығымен Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы бекітілді, онда құқықтық реттеу, ұлттық заңнаманы дамыту мен жетілдіру, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, елдің ұлттық мүдделерін қорғау саласындағы мемлекет қызметі стратегиясының негізгі басым бағыттары анықталды [7].

Құқықтық саясат тұжырымдамасының мақсаты елде негізін Конституция құрайтын біртұтас құқықтық кеңістік қалыптастыру болып табылады.

Құқықтық саясат тұжырымдамасы заң ғылымы мен тәжірибесін, құқық шығармашылығы мен құқық қолдануды, заң білімі мен құқықтық тәрбиені тығыз байланыстырып, мемлекет пен азаматтық қоғамның кешенді, жоспарлы және құрылымды түрде ықпалдасуына қосымша мүмкіндіктер туғызады.

Аталмыш тұжырымдамаға Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен 2014 жылғы 16 қаңтарда өзгерістер мен толықтырулармен енгізіліп, құқықтық саясаттың тың бағыттары айқындалды. Бұл өзгерістер мен толықтырулар Мемлекет басшысының 2014 жылғы 17 қаңтардағы «Қазақстан жолы – 2050»: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында қойылған құқық жүйесін жетілдіру жөніндегі міндеттермен бір арнаға тоғысып жатыр [8].

Осылайша, Тұжырымдамаға енгізілген өзгерістерге сәйкес, елдегі мүмкіндігі шектеулі азаматтарға көңіл аударуды күшейту мақсатында олар үшін еңбектің қауіпсіздігі мен шарттарына қатысты арнайы талаптар белгілене отырып, олардың еңбек қызметіне, ең алдымен ұлттық компаниялардың, даму институттарының қызметтеріне қатысуын құқықтық реттеу көзделген.

Мемлекет басшысының Жолдауда қойған міндеттерін ескере отырып, Тұжырымдамада мемлекеттік және өзін-өзі басқару бастауларын тиімді бөлу үшін жергілікті маңызы бар мәселелерді шешу мен жергілікті өкілді және атқарушы органдардың өкілеттіктерін нақтылауда азаматтардың рөлін арттыру қажеттігі көрсетілген.

Сондай-ақ, мемлекеттік қызметтер көрсету стандарттары мен «e-justice» жүйесінің элементтерін әрі қарай ендіру мемлекеттік-құқықтық дамудың маңызды серпіні ретінде атап көрсетілді, олар жиынтығында мемлекеттік органдарға азаматтар мен ұйымдар өтініш бергенде қағазсыз құжат айналымға кезең-кезеңімен көшуге мүмкіндік береді.

Құқық қорғау органдары жұмысының сапасын арттыру мақсатында осы саладағы заңнаманы жаңғырту жөнінде жүргізіліп отырған жұмысты ескере отырып, Тұжырымдамада азаматтардың құқықтарын жоғары деңгейде қорғаудағы қылмыстық саясаттың жеделдігі мен тиімділігін арттыруға бағытталған шараларды іске асыру көзделген.

Тұжырымдамаға сәйкес әкімшілік-деликтік заңнама да реформалауға ұшырайды, мұнда әкімшілік деликтер нақты айқындалатын, әкімшілік жауапкершілікке тарту рәсімдері жаңғыртылатын болады. Бұл жөнінен қазір жаңа Әкімшілік құқық бұзушылық кодексінің жобасы әзірленіп, Парламенттің қарауына енгізілген.

Мемлекет басшысының Республика судьяларының IV съезінде берген тапсырмаларын ескере отырып, азаматтық сот ісін жүргізуді жетілдіру шеңберінде Тұжырымдамада әзірленіп жатқан Азаматтық іс жүргізу кодексінің жаңа редакциясына қатысты негізгі тәсілдер айқындалуда.

Кәсіпкерлік саласында оны құқықтық реттеудің көпжақтығы мен қолайсыздығын болдырмау мақсатында Тұжырымдамада шаруашылық саласындағы заңнаманы жетілдіру шаралары айқындалған. Осыған байланысты әзірленіп жатқан Кәсіпкерлік кодекс кәсіпкерлік қызметке мемлекеттік араласудың шектерін белгілей отырып, шаруашылық қызметті жүзеге асыруда жария және жекеше мүдделердің тепе-теңдігін қамтамасыз етудің кепілі болуы тиіс.

Қалыптастырылатын инновациялық экономика елдің бәсекеге қабілеттілігіне және оның игілігіне тікелей ықпал ететін болады, олар зияткерлік меншікті құқықтық сақтау, қорғау және пайдалану үшін қаншалықты қолайлы жағдай жасалғанына көп байланысты болады. Сондықтан Құқықтық саясат тұжырымдамасына енгізілген түзетулерде осы салада да құқықтарды қорғауды күшейту жөнінде қосымша жүйелі шаралар кешені көзделген.

Қолданыстағы Тұжырымдама жер қойнауын пайдалану саласындағы ұлттық заңнаманы дамытудың пайымымен де толықтырылған, ол ХХІ ғасырда ресурс сақтаушы құндылықтарға негізделген құқықтық мәдениетті қалыптастыра отырып, табиғи ресурстарға қамқорлық пен тиімді қатынасты ынталандыруға және «жасыл экономиканы» дамытуға бағытталуы тиіс.

Қазақстан Республикасы құқықтық саясатының тұжырымдамасына қабылданған түзетулер әлемдік құқықтық кеңістікте болып жатқан қазіргі заман болмысы мен үрдістеріне жауап беретін және қазақстандық құқықтық жүйенің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін ұлттық заңнаманың келесі буынын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

К. К. Айтқожин «Құқықтық саясат мемлекет саясатының қоғамдық өмір құқықтық саласындағы міндеттерін орындауға бағытталған негізгі құралдарының бірі болып табылады. Соның нәтижесінде, құқықтық саясат басты бағыттардың мемлекет тұрғысынан көрінісін, елдің қолданыстағы құқық жүйесін дамыту және құқық қолдану қызметінің шараларын жетілдіру бойынша басты механизмді көрсетеді» [9], – деп әділ бағалады. Сонымен қатар, Қазақстанда да, жалпы әлемде де мемлекеттік билік легитимдігін құқықтық саясат биік тұғырынан ғана қамтамасыз етуге болады. Бұл арада айта кететін жайт, құқықтық саясаттың теориялық әдістемелік негіздерін зерттеуде ғылыми танымға негізделген құқықтың негізгі сипаттарын білу маңызды рөл атқарады және осы бір аз қарастырылған, алайда маңыздылығы зор ұғымды зерттеу негізіне айналуы мүмкін. Сонымен, құқықтық саясат қоғамның саяси жүйесіне кіретін барлық субъекттердің өзара әрекеттерінің негізінде жасалып, жүзеге асырылады және жалпұлттық мақсатты бағдарламаларда, даму концепцияларында, елдің халықаралық келісімшарттарында, заңдары мен басқа нормативті-құқықтық актілерінде, сондай-ақ басқа да ресми құжаттарда шоғырланған көрініс алады.

Дегенмен, құқық шығармашылығының кемшіліктері мемлекеттің құқықтық саясатының тиімділігіне теріс ықпалын тигізеді. Оларға: мемлекеттік органдар арасындағы құзыреттерді айқын түрде бөлмеу мен олардың қызметтерінің қосарлануы; әрекет етуші құқықта ескірген, қайталанатын нормалардың, ақаулардың, ішкі қайшылықтардың орын алуы, заңдардағы сілтемелі нормалардың көп болуы; нормативтік құқықтық актілердің жобаларын дайындау кезінде заңдық техника нормаларының сақталмауы, әрекет етуші заңнаманы жүйелендірудің кемелді түрде жетілдірілмеуі және тағы да басқалары жатқызылады. Құқықшығармашылығының мұндай кемшіліктерінің орнын толтыру мемлекеттің құқықтық саясатын алдына қойған басымдылықтарына сай жүзеге асыру үшін ықпал етеді.

Осылайша, Құқықтық саясат тұжырымдамасының ережелерін жүзеге асыру құқықтық мемлекет қалыптастыру жолындағы ел Конституциясының негізгі идеялары мен қағидаларының өмірге енгізілуіне зор мүмкіндіктер туғызатындығы айғақ. Тиісінше, Тұжырымдаманы жүзеге асыру тиімділігі, ұлттық құқықтың тұрақтылығы, құқықтық реттеудің ұтымдылығы құқықтық саясаттың барлық субъектілерінің сындарлы түрде бірлесіп ықпалдасуына байланысты.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ

1 Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан-2050: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты 2012 жылғы 14 желтоқсандағы Стратегиясы // Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты. – www.akorda.kz

2 Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 тамызда қабылданған, 1998 жылғы 7 қазандағы Қазақстан Республикасы Заңымен енгізілген өзгертулер мен толықтырулармен; 2007 жылғы 21 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңымен енгізілген өзгертулер мен толықтырулармен; 2011 жылғы 2 ақпандағы Қазақстан Республикасы Заңымен енгізілген толықтырулармен қоса берілген Конституциясы. – Алматы: Жеті Жарғы, 2012.

- 3 Григорьев В. И., Григорьев Ф. В. Основы теории государства и права: учебно-наглядное пособие. – Алматы: Юрист, 2005. – 43 с.
- 4 <http://politicon.ru> // Официальный сайт политического журнала «Политикон».
- 5 <http://determiner.ru> // Официальный сайт Национальной юридической энциклопедии РФ.
- 6 Ударцев С. Ф. Правовая политика: новые приоритеты развития и преемственность // «Юридическая газета». – 2009. – 9 сентября. – С. 2–3.
- 7 Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған Құқықтық саясат тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 16 қаңтардағы Жарлығымен енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен қоса // Егемен Қазақстан. – 2014. – 18 қаңтар.
- 8 Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 17 қаңтардағы «Қазақстан жолы – 2050»: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауы // Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты. – www.akorda.kz
- 9 Айтхожин К.К. Правовая политика Республики Казахстан: теоретико-методологические аспекты // 2010-2020 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының құқықтық саясат Тұжырымдамасының ережелерін және ҚР Президентінің жолдауындағы құқықтық реформаны жүзеге асырудың өзекті мәселелері атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Алматы. – 2010. – С.19–20.